

# КЛИМАТҚА ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛАЛАРДЫ ҚҰРАЙЫҚ FELICITY II – қалаларға кеңес беру

## Проблема: қалалар климаттың өзгеруінде шешуші рөл атқарады

Егер 1950 жылы қалаларда планета халқының үштен бірінен азы тұрса, 2015 жылға қарай бұл үлес жартысынан асты. БҰҰ болжамы бойынша, бұл көрсеткіш 2050 жылға қарай өсе береді және 65 пайыздан асады. Бүгінгі таңда қалалар көмірқышқыл газының (CO<sub>2</sub>) жаһандық шығарындыларының үштен екісін құрайды және ауаның ластануы, қоршаған ортаның нашарлауы және климаттың өзгеруіне орнықтылықтың жеткіліксіздігі сияқты үлкен сын-қатерлерге тап болады.

Шығарындылары төмен инфрақұрылымды құрудың маңыздылығын мойындағанымен, мұндай жобаларды жүзеге асыру маңызды проблема болып қала береді. Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның көптеген қалаларында жүзеге асырылатын жобаларды іске қосу және қажетті қаржыландыруды қамтамасыз етуде қиындықтар туындайды. Жеделдетілген урбанизация және климаттың өзгеруінің нашарлауы жағдайында экологиялық орнықты қалалық инфрақұрылымға инвестициялар, парниктік газдар шығарындыларын азайту және орнықтылықты арттыру үшін басты құрауыштар болып табылады.

## Біздің ұстанымымыз: жасыл инфрақұрылымды дамытуды қолдау

Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Германия қоғамы (GIZ) Еуропалық инвестициялық банкпен (EIB) серіктестікте жүзеге асыратын FELICITY II жобасының негізгі мақсаты — көмірқышқыл газы шығарындыларын (CO<sub>2</sub>) айтарлықтай азайтуға бағытталған Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдеріндегі қалалық инфрақұрылымды жақсарту. Германияның Федералды экономика және климатты қорғау министрлігінің (BMWK) тапсырмасы бойынша және Германия үкіметінің халықаралық Климаттық бастамасы (IKI) аясында біз Украина, Грузия, Өзбекстан, Қазақстан, Молдова және Арменияда жұмыс істейміз. Еуропалық инвестициялық банкпен (EIB) бірге біз қалалық сумен жабдықтау және су бұру саласында шығарындылары төмен инфрақұрылымдық жобаларды енгізу, сондай-ақ ғимараттардың энергия тиімділігін арттыру арқылы бар кедергілерді еңсеруге тырысамыз.

Жобаның атауы ҚАЛАЛАР МЕН МУНИЦИПАЛИТЕТТЕРГЕ ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ ҮШІН ЭНЕРГЕТИКАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР БЕРУ ШЫҒЫС СЕРІКТЕСТІГІ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ - FELICITY II

Тапсырыс беруші Германияның Федералды экономика және климатты қорғау министрлігі (BMWK), Халықаралық Климаттық бастама (IKI)

Орындаушы Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Германия қоғамы (GIZ) ГмБХ

Ұлттық өріптес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

Елдер Грузия, Қазақстан, Украина, Өзбекстан, Молдова, Армения

Іске асыру кезеңі 2022 жылдан 2026 жылға дейін

Байланыс Андре Фабиан, andre.fabian@giz.de  
жасаушы тұлға

Біз ынтымақтасатын елдер климаттың өзгеруіне бейімделу жобаларын қаржыландыруда осындай қиындықтарға, сондай-ақ техникалық түйткілдерге тап болады. Біз қалалар мен қаржы делдалдарына қалалық инфрақұрылымға инвестициялардың техникалық, қаржылық және экономикалық орындылығын бағалауға көмектесу арқылы қолдау көрсетеміз.

Біз процестерді жәрдемдесеміз және қаржылық талаптарды әлеуметтік және экологиялық мақсаттарға сәйкестендіру мүмкіндіктері бойынша жобаларға кеңес береміз.

Біз қоғамдастықтарға өміршең жобаларды әзірлеуге және жаһандық қаржы ресурстарын тартуға көмектесеміз. Сонымен қатар, біз инфрақұрылымдық жобаларды дайындауды және нормативтік-құқықтық базаны құруды жеңілдете отырып, елдер мен өңірлер арасында білім алмасуды белсенді қолдаймыз.



Көкшетау қаласындағы көппәтерлі тұрғын үй (пилоттық жоба)

## Қазақстанға қолдау төрт негізгі бағыт бойынша ұйымдастырылды:

1. Қолайлы жағдайлар жасау: ұлттық және жергілікті деңгейде ғимараттар секторы үшін энергия тиімділігі саясатын, нормативтік актілерді және ынталандыру шараларын әзірлеуді қолдау;
2. Қаржы тетігін қалыптастыру: ғимараттарды энергия тиімді жаңғырту үшін мемлекеттік ынталандыруды және халықаралық қаржыландыруды пайдалана отырып, өміршең қаржы схемаларын әзірлеуді қолдау;
3. Техникалық дайындық: көппәтерлі үйді энергия тиімді және климатқа төзімді жаңғыртудың жүзеге асырылуы мен жаңғыртылуын көрсетуге, сондай-ақ жаңғырту ЕИБ тарапынан қаржыландыру есебінен жүргізілетін ғимараттардың тізбесін дайындауға бағытталған кешенді пилоттық жобаны әзірлеуге және іске асыруға қолдау көрсету;
4. Әлеуетті дамыту және өңірлік білім алмасу: жобаларды ұйымдастырушылар мен делдалдық қаржы институттарын ғимараттардың энергия тиімділігі секторында банктер үшін қолайлы жобаларды дайындауда қолдау, мүдделі тараптардың хабардарлығын арттыру және Орталық Азия мен Шығыс Еуропада жинақталған тәжірибе мен озық тәжірибемен алмасуға жәрдемдесу.

## Нәтижелерді іріктеу:

- Тұрғын үй секторы (көп пәтерлі тұрғын үйлер) үшін Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеу.
- Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі ғимараттардың энергия тиімділігін арттыру/терможаңғырту жөніндегі іс-шаралардың экономикалық тиімділігін бағалау.
- «Тұрғын үйлерді энергия тиімді қайта құруды табысты іске асыру» тақырыбындағы Берлин қаласына оқу-таныстыру сапары, Германия, 2023 жылғы қазан. Алынған нәтижелер Көкшетау қаласындағы тұрғын үйді энергия тиімді жаңғырту бойынша пилоттық жобаны іске асыруға негіз болды.



2023 жылғы 9-13 қазан аралығында Германияның Берлин қаласына оқу-таныстыру сапары

- Электр энергетикасы және энергия үнемдеу институты ұйымдастыратын Халықаралық энергия үнемдеу форумы сияқты стратегиялық конференциялар мен кездесулерді өткізуге қолдау көрсету.
- Ғимарат секторында энергия тиімділігі бойынша өңірлік білім алмасу және мүдделі тараптармен тұрақты кездесулер өткізу үшін Климаттық қаржыландыру саласындағы көшбасшылық қалалар альянсының (CCFLA) Орталық Азия хабын құру.
- Қазақстанның 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын іске асырудың Жол картасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын қолдау.



V Халықаралық энергия үнемдеу форумы, 2023 жылғы 10 қараша, Астана

Supported by:



on the basis of a decision  
by the German Bundestag

### Жарияланды:

Deutsche Gesellschaft für Internationale Zusammenarbeit (GIZ) GmbH

Тіркелген кеңселер: Бонн және Эшборн

### Қазақстан Республикасындағы GIZ Өкілдігі ШЫҒЫС СЕРІКТЕСТІГІ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ - FELICITY II

Самал ш/а, 12  
010001 Астана, Қазақстан  
Т +7 7172 58 09 19  
E giz-kasachstan@giz.de  
I www.giz.de

### Жауапты тұлға:

Андре Фабиан, Берлин

### Дизайн:

creative republic, Франкфурт

### Беттеуші:

Әсел Абдиянова, Астана

Астана, 10/2024

GIZ осы жарияланымның мазмұнына жауап береді.

### Тапсырмасы бойынша

Халықаралық климаттық бастама (IKI) шеңберінде Германияның Федералды экономика және климатты қорғау министрлігі (BMWK).